

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы

Күші жойған

Ақтөбе облысы Бірғыз аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 8 мамырдағы N 97 қаулысы. Ақтөбе облысының Бірғыз аудандық Әділет басқармасында 2009 жылдың 14 мамырда N 3-5-97 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Бірғыз аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 21 сәуірдегі N 88 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Бірғыз аудандық әкімдігінің
2010.04.21 N 88 қаулысымен**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» № 149 Заңының 5-бабы 2 тармағына, 7 бабы 2), 5-4) тармақшаларына, 18-1 бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауданда халықтың нысаналы топтарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыратын кәсіпорындар мен ұйымдардың тізбесі, әлеуметтік жұмыс орындарының саны, мерзімі 1, 2-қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. «Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (А.Досекешов) қосымшаға сәйкес кәсіпорындар мен ұйымдарға жұмыссыздық есебінде тұратын нысаналы топтарға жататын азаматтарды әлеуметтік жұмыс орындарына жіберу тапсырылсын.

3. «Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне әлеуметтік жұмыс орнын ұйымдастырған кәсіпорындар мен ұйымдармен жасасқан шартқа сәйкес еңбекақының 50 пайызы мөлшерін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырған кәсіпорындар мен ұйымдардың есеп шотына аударып беріп отыру тапсырылсын.

4. Аудан әкімдігінің «Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы» 2008 жылғы 21 мамырдағы № 123 қаулысының күші жойылсын.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

6. Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Шахинге жүктелсін.

Аудан әкімі

М.ДУАНБЕКОВ

А у д а н

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

8

ә к і м д і г і н і ң

м а м ы р д а ғ ы

№ 97 қаулысына 1 қосымша

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыратын кәсіпорындар мен ұйымдар

Рет саны	Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыратын кәсіпорындар мен ұйымдардың атауы	Кәсіпорындар мен ұйымдардың басшысының тегі, аты	әлеуметтік жұмыс орынының саны	әлеуметтік жұмыс орнының жұмыс істеу мерзімі
	«Сер-Мак» ШҚ	Ипанов О	3	6 ай
	«Қазыбек» ШҚ	Қазыбеков Б	3	6 ай
	«Ақсақал-Тәуіп» ЖШС	Өтесінов А	3	6 ай
	«Мақсат» ӨК	Қошабаев П	1	6 ай
	«Шабаған» ШҚ	Боранқұлов С	3	6 ай
	«Казпромстройгрупп» ЖШС	Ержанов Б	6	6 ай
	«Казахавтодор» ЖШС	Өтемұратов Ә	2	6 ай
	«ДМСУ» ЖШС	Бекжигитов Ж	48	6 ай
	«Наурыз-СИМ» ЖШС	Сәрсенбаев И	4	6 ай
	«Алтын-Әсел» ЖШС	Утеуұлы Х	4	6 ай
	«Дархан» ШҚ	Ниязова М	1	6 ай
	«Мирас» ШҚ	Мизанбаев Е	1	6 ай
	«Үркер» ЖШС	Сарбөпин Ғ	1	6 ай
	БАРЛЫҒЫ:		80	

А у д а н

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

8

ә к і м д і г і н і ң

м а м ы р д а ғ ы

№ 97 қаулысына 2 қосымша

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыратын кәсіпорындар мен ұйымдар

Рет саны	Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыратын кәсіпорындар мен ұйымдардың атауы	Кәсіпорындар мен ұйымдардың басшысының тегі, аты	әлеуметтік жұмыс орнының саны	әлеуметтік жұмыс орнының жұмыс істеу мерзімі
	«Құмкөл» ШҚ	Болатбеков О	2	6 ай
	«Н-Сыдық» ШҚ	Оспанов Ш	1	6 ай
	ЖШС «Уәлі»	Сарманов А	1	6 ай
	«Айдын» ШҚ	Көлманов С	1	6 ай

«Береке» ШҚ	Женсікбаев М	1	6 ай
«Айту» ШҚ	Ұзақов Ұ	1	6 ай
«Әйгерім» ШҚ	Ізмағанбетов Ж	1	6 ай
«Әл-Фараби» ШҚ	Жұрмағанбетова А	3	6 ай
«МТС» ӨК	Садықов Н	5	6 ай
БАРЛЫҒЫ:		16	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК